

Дәріс №8. ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ ИНТЕГРАЦИЯСЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ

Дәрістің мақсаты: Ғылыми қызметті басқару принциптерін зерделеу, ҚР-дағы инновациялық саясат туралы білім алу.

Дәріс жоспары:

1. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару.
2. Уәкілетті мемлекеттік органның және өзге де орталық атқарушы органдардың құзыреті.
3. Ғылыми ұйымды басқару.
4. Инновациялық саясат.

Ғылыми-техникалық революция дегеніміз – қоғамның өндіргіш күштерінің сапалық жағынан түбегейлі өзгеруі, ғылымның аса қарқынды дамуы нәтижесінде тікелей өзгергіш күшке айналуы

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті басқару ғылыми ұйымдардағы мемлекеттік реттеу мен өзін-өзі басқаруды қамтамасыз етуді үйлестіру негізінде жүзеге асырылады.

Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілетті мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырады.

Ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізуді үйлестіруді уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы:

- ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты және оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлейді;
- Қазақстан Республикасындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындайды;
- ғылыми-техникалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейді;
- мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалардың негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштерін бекітеді;
- мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;
- республика үшін аса маңызды кешенді ғылыми-техникалық бағыттар бойынша мемлекеттік ұлттық ғылыми орталықтар құрады;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік ғылыми ұйымдарды құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

- осы Заңға сәйкес ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;
- ғылым қорын құрады және ол туралы ережені бекітеді;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғылыми және ғылыми-техникалық салада өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Уәкілетті мемлекеттік органның және өзге де орталық атқарушы органдардың құзыреті

Уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне мыналар жатады:

- мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;
- республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ғылыми зерттеулер бағдарламаларын бірыңғай әкімшілендіру;
- іргелі және қолданбалы басым бағыттарды қалыптастыру Қазақстан Республикасындағы ғылыми зерттеулер;
- іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер саласында мемлекеттік ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы ұсыныстар енгізу;
- диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес туралы ережені бекіту;
- ғылым кандидаты және докторы ғылыми дәрежесін беру;
- диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңестер құру;
- ғылыми ұйымдарды аттестаттаудан өткізу;
- мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу;
- нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу саласындағы ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ғылыми және ғылыми-техникалық қызметте өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Уәкілетті мемлекеттік орган және өзге де орталық атқарушы органдар өз өкілеттіктері шегінде:

- мемлекеттік ғылыми ұйымдар құру туралы ұсыныстар енгізеді;
- Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар бойынша міндеттемелерді іске асырады;
- ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- қаржылық негіздемені дайындайды және іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Ғылыми ұйымдарды аттестаттау

Ғылыми ұйымдарды аттестаттау олардың негізгі қызметінің тиімділігін айқындау және материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын ұтымды пайдалану, осы негізде олардың желілері мен құрылымдарын ретке келтіру, ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі жұмыстың тиімділігін бағалау үшін жүзеге асырылады.

Барлық ғылыми ұйымдар кемінде бес жылда бір рет аттестаттауға жатады.

Аттестаттауды уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдастырады және өткізеді.

Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы ережені уәкілетті орган әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредиттеу

Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредиттеу отандық ғылым мен техниканың бәсекелес деңгейін қолдау мақсатында жүргізіледі.

Аккредиттеуді жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ғылыми ұйымды басқару

Ғылыми ұйымды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және оның құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік ғылыми ұйымды басқаруды осы ұйымның Ғылыми Кеңесінің ұсынымын ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік орган (Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Президентін қоспағанда) қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы жүзеге асырады.

Мемлекеттік ғылыми ұйымда ғылыми мекеменің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметі жөніндегі консультативтік-кеңесші орган - ғылыми (ғылыми, ғылыми-техникалық, техникалық) кеңес құрылады.

Консультативтік-кеңесші орган туралы үлгі ережені, оның мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама

Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілері:

➤ Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің бағдарламалары мен жеке жобалары;

➤ Қазақстан Республикасында салынатын өндірістік-технологиялық кешендердің жобалары;

➤ республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар;

➤ ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы жеке және заңды тұлғалардың жобалары;

➤ Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аяқталған ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалардың нәтижелері;

➤ жекешелендіру кезінде мемлекеттік ғылыми және басқа да ұйымдардың материалдары (пайдаланылатын технологиялар бөлігінде) ;

➤ мемлекет мұқтажы үшін шетелдік техника мен технологиялар импорты жөніндегі жобалар;

➤ Қазақстан Республикасының Ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік сыйлықтарын алуға ұсынылатын жұмыстар.

Осы баптың 1-тармағында аталған объектілерге мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы уәкілетті мемлекеттік орган ұйымдастырады.

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Міндетті мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілері бойынша Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізуге арналған қаражат бағдарлама әкімшілері-мекемелердің ғылыми және ғылыми - техникалық қызметін қаржыландыруға бөлінетін бюджеттік қаражат шегінде көзделеді.

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті ақпараттық қамтамасыз ету

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінің ғылыми-техникалық ақпарат алуға құқығы бар. Мемлекеттік немесе қызметтік құпия болып табылатын ғылыми және ғылыми-техникалық ақпаратқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

Мемлекет ғылыми және ғылыми-техникалық ақпаратты жинауды, талдамалық өңдеуді, сақтауды және тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Уәкілетті мемлекеттік орган Мемлекеттік мерзімді ғылыми-техникалық басылымдардың және басқа да баспа өнімдерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде де орындылығын айқындайды.

Уәкілетті мемлекеттік орган мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарын, аяқталған тақырыптарды және іргелі және қолданбалы зерттеулердің бағдарламаларын, қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етеді.

Ғылым мен техника саласындағы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау:

Мемлекет ғылым мен техника саласындағы инновациялық қызметті жүзеге асыратын барлық ұйымдарға олар үшін тең жағдай жасау арқылы қолдау көрсетуге кепілдік береді.

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау мынадай бағыттарда іске асырылады:

- технологиялық дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын, инновациялық басымдықтарды айқындау, инновациялық бағдарламаларды әзірлеу;
- мемлекеттің басым инновациялық, оның ішінде конверсиялық жобаларды қаржыландыруға қатысуы;
- инновациялық құрылымдарды - технопарктерді, технологиялық инкубаторларды, инновациялық орталықтарды, инновациялар бойынша деректер банктерін дамытуға жәрдемдесу;
- инновациялық менеджерлерді оқытуды ұйымдастыру;
- инновациялар және технологиялар трансферті, зияткерлік меншікті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу;
- түпкілікті ғылыми-техникалық өнімге бағытталған инновациялық қызметті басым қолдау.

Ғылым мен білімнің интеграциясы

Жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ғылыми-зерттеу институттары, проблемалық ғылыми-зерттеу зертханалары, басқа да ғылыми бөлімшелер, ал ғылыми ұйымдардың құрамында жоғары оқу орындарының кафедралары құрылуы мүмкін.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Ғылыми ұйымдарды аккредиттеуді кімдер жүргізеді?
2. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектілерін атаңыз?